

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

25.11.2022 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Г.Момбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр, аға оқытушы А.Исаева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Юлдашев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Кенжалиев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Г.Ахбердиева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Нұридін Білімжан, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Уалдинұлы және кафедра оқытушы профессорлар құрамы

**Күн тәртібі:**

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу
3. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
4. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау
5. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
6. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрайымы Г.Момбекова** Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына орай Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау.

**АК мүшесі, академиялық персонал, магистр аға оқытушы А.Исаева** сөз кезегін алды:

2023-2024 Оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

**АК төрайымы Г.Момбекова:** Бүгінде бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды. Сондықтан осы мәселені ондағы пәндерді біріктіру мәселесін ақылдасып шешімін қарау керектігін айтып өтті. Демек ББ пәндерінің жалпы саны өзгертіндігін, яғни қажеттілікке байланысты біраз пәндер қысқартындығын түсіндіріп өтті.

Құрметті АК мүшелері және оқытушы профессор құрамы! Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек.



Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасак барлық жұмыстар шешімін табады деген сенімдемін.


**Шешім:** Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті ұйымдастырылды, Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатыстық. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттары және оқыту нәтижелері қайта тұжырымдалсын. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрайымы:



Г.Момбекова

Хатшысы:



А.Мухамедияр